



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

**ӘОЖ 347.61**

**«ҚОЛЖЕТИМДІ ТҰРҒЫН ҮЙ - 2020» БАҒДАРЛАМАСЫ  
БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР**

**Төреқұлов Даурен Ерланұлы**

*dauka1996@bk.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Ғылыми жетекші – Жаманбаева Ж.Е., құқық магистрі

Халықтың өмір сапасын арттыру бойынша бағдарламалардың рөлі зор. Себебі, өркениетті елдерде мемлекеттің негізгі мақсаты – бұл халықтың ла йықты өмір сапасын және деңгейін қамтамасыз ету. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізінде жасалған бағдарламалар, елде тек экономикалық, әлеуметтік және психологиялық жағдайлардың тұрақты орын алуында іске асады.

Соның ішінде халықтың өмір сүру деңгейін анықтауда ең алғашқы қажеттіліктің негізгісі тұрғын үй мәселесі. Қазақстанда халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешуде «Қолжетімді баспана -2020» бағдарламасы іске асуда. Еліміздің әр аймағының жергілікті жерлерінде қарапайым халық осы бағдарламаға қатысу арқылы, өз қаражатын жинап (кемінде 3 жыл), Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы жылына 5% несие алу жүйесімен өзін тұрғын үймен қамтамасыз ете алады [1, 30].

Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз жаңа тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға кірісіп кеттік. Елімізде жыл сайын 6 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілуде. Алайда біз жарты миллионнан астам жас отбасын жеке баспанамен қамтамасыз етуге тиіспіз. Бұл үшін жалға берілетін тұрғын үй алаңын 1 миллион шаршы метрге жеткізу қажет. Ұзақ мерзімді жалға беруде сатып алынатын және сатуға жатпайтын екі түрлі жолды қарастыру қажет. Оған қоса жалға алғаны үшін жасалатын төлем әл-ауқаты орташа отбасы мүмкіндігіне сай болуы тиіс. Мұнымен бірге отандық құрылыс саласы үшін жаңа мүмкіндіктер туады. Соның бәрін жаңа «Қолжетімді баспана - 2020» бағдарламасында анық көрсету керек [2]» - деп өз тапсырмасын анық ашып көрсеткен болатын.

Негізінен бұл бағдарламаның басты мақсатының бірі – халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету. Жалпы, бұл бағдарламаны өз деңгейінде жүзеге асыру Елбасының ерекше назарында болса керек. Себебі жыл сайын бағдарламаның жүзеге асырылу деңгейі мен нәтижесі төңірегінде жиындар өткізіліп, Елбасымызға хабарланып отырады.

Ендігі кезекте бағдарламаның жүзеге асырылу барысына тоқталып өтсек. Бағдарлама екі кезеңнен тұрады: 1) тікелей сатып алу; 2) жалдай отырып сатып алу. Екі кезеңнен тұратын бұл бағдарламада жас отбасылар үшін арнайы кесте қарастырылған. Мұнда жергілікті әкімдіктер трансферттік жүйе есебінен арендалық тұрғын үй салады да, онда отбасылар 8,5 жыл бойы сол үйде тұрумен қатар, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы жал құнын төлей отырып, қаржы жинайды. Осы аралықта жинақталған қаржымен сол үйді сатып алады немесе ол қаржы жеткіліксіз болса, аталған банктен жылдық 4 пайызбен 15 жылға тұрғын үй займын пайдалану мүмкіндігіне иелік етеді [3].

Әрине, бұл бағдарламаның тұрғын үйге мұқтаж жандар үшін қолайлылығы өте зор. Өйткені бағдарлама жоспарға сай жүзеге асырылса, халқымыздың әлеуметтік жағдайы жоғарылап, ел экономикасы артатындығы айдан анық.

Алайда, бұл бағдарламаның төңірегінде де бірқатар ауқымды, шешілуі тиіс мәселелер тұр. Олардың қатарында: қаржының жетіспеуі, жобаның дұрыс жасалмауы, еңбек күшінің аздығы, мердігер компанияның келісімшартты бұзуы құрылыстың дер кезінде бітпеуі және т.б. жатады. Сонымен қатар 1997 жылы қабылданған «Тұрғын үй қатынастары» туралы заң бойынша, мемлекеттік қордан пәтер алуға тұрмысы нашар, әлеуметтік тұрғыда қорғалатын тұрғындардың құқығы бар. Олар – екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқандар мен мүгедектер, соларға теңестірілген тұлғалар, бірінші және екінші топ мүгедектері, мүгедек балалары бар, не оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, зейнеткерлер (жасы бойынша) және көп балалы отбасылар (барлығы – 11 санат) [4]. Алайда тұрғын үй жағдайын жақсартуды қажет ететін жағдайы нашар адамдардың санын бірде-бір ресми тұлға атамайды.

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің айтуынша, 2013 жылға дейін тұрғын үй көмегін 125 мыңнан астам отбасы алған. «Қолжетімді баспана–2020» бағдарламасында тұрғын үй құрылысының үлесін әкімдіктердің кезегінде тұрған, жағдайы нашар, әлеуметтік тұрғыда қорғалатын тұрғындар есебінен жалпы көлемнен жыл сайын кемітіп отыру қарастырылған. 2013 жылы 4,2 пайыз, ал 2020 жылы 2,8 пайыз қысқарту көзделген.

Сондай-ақ елдегі еңбекке қабілетті азаматтардың 25 пайызының ғана өз күшімен баспаналы болуға шамасы жетеді. Ал бұл қарапайым халықтың басым бөлігінің шамасы жете бермейді. Сол себепті халықтың орта деңгейде қамтылған бөлігі жеке тұрғын үй құрылысының бағасын төмендетіп, жалақысы аз тұлғаларға арналған тұрғын үй бағдарламалары болса деген өз ұсыныстарын да халық қалаулылары арқылы жоғары жаққа жеткізген.

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің барлық жағдайларын жасау қажеттігі бекітілген [5]. Осыған орай Қазақстанның тұрғын үй жүйесіне жаңа механизмдердің қажеттілігі одан әрі ресми статистика арқылы расталады (2011 жылға): 283,9 млн. м<sup>2</sup> – тұрғын үй қорының жалпы ауданы (96,4% - жеке; 3,6% - мемлекеттік тұрғын үй қоры); 2992,9 мың м<sup>2</sup> – апатты жағдайдағы тұрғын үйлер [6]. 2014 жылы 1 339 787 мың м<sup>2</sup> тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл көрсеткіш біздің әлі де болса, сұраныс дәрежесіне шықпағандығымызды көрсетеді. Мәселен, экономикасы және құрылыс секторы дамыған елдерде әр тұрғынға шаққанда жылына 1 шаршы метрден тұрғын үйді іске қосып отырады. Қазақстанда шамамен 17,5 млн. халық бар екенін ескерсек, тұрғын үй нарығының тепе-теңдігіне қол жеткізу үшін жылына қазіргі көрсеткіштерден 2,6 есеге көп тұрғын үйлер салынуға тиісті. Белсенді мемлекеттік тұрғын үй саясатына қарамастан тұрғын үймен қамтамасыз етуде мемлекеттің рөлі өзгерген. Мемлекет азаматтарды тұрғын үймен тегін қамтамасыз етпейді. Ол несиелік-қаржылық механизмдермен ипотека және тұрғын үй құрылыс жинақтау жүйесі арқылы баспанаға қол жеткізуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, жалдамалы тұрғын үй арқылы аз қамтылған және орта санаттағы азаматтарға мемлекет тарапынан баспанамен қамтамасыз ету мүмкіндіктері көбеюде.

Ол туралы «Алдағы 2015-2016 жылдары аралығында елімізде 10 млн. шаршы метр тұрғын үй бой көтеретін болады. Әрине, біз бұдан да көп соғуымыз керек. Алайда, ол үшін қолайлы жағдай жасалуы керек. Сондай-ақ, тұрғын үй құрылысы мемлекеттің ұйымдастыруымен ғана емес, инвесторларды тарту арқылы да жүзеге асырылуы тиіс. Оның үстіне, бізге «Жалдамалы тұрғын үй» бағдарламасын дамыту қажет. Себебі, бүкіл әлем осы бағдарламаны негізге ала отырып жұмыс істеуде» - деп, Үкімет басшысы өз сұхбатында айтып өткен болатын.

Қай кезеңде, қай мемлекетте болмасын тұрғын үй мәселесі алдыңғы қатардағы өзекті мәселелердің қатарында қала бермек. Еліміздің тәуелсіздік алып, алға қарай қадам басып келе жатқанына 23 жыл болса да, аз уақыттың ішінде көптеген жетістіктерге жеткендігіміз шындық. Әрине тұрғын үй тапшы болатындығы әзірге ғана деп үміттенеміз. Өйткені Елбасымыз бұл мәселені назардан тыс қалдырмайтындығы айқын.

Оның дәлелі ретінде Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы

жеті негізгі бастамалардың қатарында, осы тұрғын үй инфрақұрылымын нығайту мәселесін атап өткендігін айтуға болады: «Агломерациялар қалыптастыру айтарлықтай тұрғындар ағынымен қатарласа жүреді. Бұл еңбек нарығы мен қалалардың инфрақұрылымына, соның ішінде, тұрғын үй қорына қысым туғызады. Сондықтан жалға берілетін тұрғын үй құрылысына көзқарасты қайта қараған жөн. Мемлекет әлеуметтік жалдамалы баспананы салып, оны тұрғындарға сатып алу құқын бере отырып, ұзақ мерзімді жалға ұсынады. Баспананы тікелей, делдалдарсыз және несиеге барынша төмен пайызбен ұсыну оның сатып алу құнын арзандатуға мүмкіндік береді. Бастапқы жарнаның болмауы мен ипотека үшін төмен пайыздар баспананы қазақстандықтардың көптеген жіктері үшін қолжетімді ете түседі. Сондықтан 2015-2016 жылдар ішінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды қосымша 180 миллиард теңге сомасында ұлғайтамыз [7]».

Айта кететін бір жайт, қазіргі таңда «Қолжетімді тұрғын үй -2020» бағдарламасы «2020 жылға дейін өңірлерді дамыту бағдарламасының» құрамдас бөлігі ретінде танылды. Бұл бағдарламаның атауының заңды күші 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылды. Атауы өзгергенімен, мақсаты бойынша халық үшін тұрғын үй қолжетімділігін одан әрі арттыруды қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу бойынша міндеттерді шешу көзделген. Сол себепті бұл бағдарламада да халқымызды тұрғын үймен қамтамасыз етуді жалғастыра бермек. Бүгінгі күні «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде» 300 мыңнан аса салымшы кезекте тұр. Жоғарыда айтылған кезектілік санаттарын сақтай отырып, келешегі кемел қазақ елінің халқы басты мәселесінің толықтай шешімін табады дегенге сеніміміз мол.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Интеграция жағдайында әлеуметтік-экономикалық жаңғырту: Қазақстан және Польша: Монография: Абдраманова Г. Қ. – Астана, 2014.- 160 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жыл 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы – Егемен Қазақстан - Астана – 27 қаңтар
3. Нұрлыбек Досыбай «Баспана мәселесі байыппен шешіліп келеді» 27 қараша, 2012 жыл [www.bnews.kz](http://www.bnews.kz)
4. ҚР-ның 1997 жылғы 16 сәуірдегі Тұрғын үй қатынастары туралы №94 Заңы [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz)
5. ҚР-ның 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz)
6. ҚР-ның Статистика агенттігі [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы – Егемен Қазақстан – Астана – 11 қараша

#### **УДК 347.9**

#### **РЕГУЛИРОВАНИЕ ПРАВОВОГО СТАТУСА ЖЕНЩИН В БИЗНЕСЕ**

**Шайкенова А.Б.**

студентка 1 курса, спец. «Юриспруденция»

Научный руководитель - Кожаметова С.Г., магистр юриспруденции

Социальная, политическая мобилизация женщин, активность женщин – то, что необходимо, когда мы шагаем сейчас в мировое сообщество. Я думаю, что у вас хватит сил быть и политиками, и бизнесменами, и прекрасными женами и матерями. *Президент РК Назарбаев Н.А.*